

Цифрлық объектілердің сыныптауышын қалыптастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 2026 жылғы 14 тамыздағы № 484/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 19 тамызда № 39627 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 172) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Цифрлық объектілердің сыныптауышын қалыптастыру және жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. "Ақпараттандыру объектілерін сыныптау қағидаларын және ақпараттандыру объектілерінің сыныптауышын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 135 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізімінде № 13349 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Цифрлық трансформация саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму жөніндегі вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
– Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрі

Ж. Мадиев

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Жасанды

Цифрлық объектілердің сыныптауышын қалыптастыру және жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Цифрлық объектілердің сыныптауышын қалыптастыру және жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі Ережесінің 15-тармағы 172) тармақшасына сәйкес әзірленді және цифрлық объектілердің сыныптауышын қалыптастыру және жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) Архитектуралық-үйлестіруші орталық – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға;

2) деректерді өңдеу және сақтаудың техникалық құралдары – серверлік-жабдықты, дербес жұмыс станцияларын, дербес тасымалдау құрылғыларын және деректерді сақтау жүйелерін қоса алғанда, есептеу техникасы құралдары;

3) жалпы жүйелік бағдарламалық қамтылым — техникалық құралдардың, қолданбалы бағдарламалық қамтылымды әзірлеу мен жұмыс істеуінің, сервистік бағдарламалық өнімдердің, цифрлық жүйелер мен интернет-ресурстардың компоненттерін тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған бағдарламалық өнім;

4) жасанды интеллект жүйесі — бір немесе бірнеше жасанды интеллект модельдерінің негізінде жұмыс істейтін цифрлық объект;

5) құжаттарды басып шығару мен көшіру құралдары – сканерлеу, көшіру және басып шығару құрылғыларының жиынтығы;

6) санат – цифрлық объектіні қолдану саласы мен оның функционалдық мақсатына сәйкес цифрлық объектілерді сәйкестендіруге арналған цифрлық объектілер сыныптауышының жинақталған цифрлық объектілерінің тобы;

7) санат сипаттамасы параметрінің индикаторы – санат сипаттамасы параметрінің мәнін бағалау және өлшеу шарасы;

8) санат сипаттамасының қосалқы параметрі – цифрлық объектінің белгілі ерекшеліктерін сипаттайтын бір жалпы параметрде бірнеше жеке параметрлерді біріктіретін біртекті өлшемшарттардың жиынтығы;

9) санаттың сипаттамасы – сомалық мәні цифрлық объектінің тобын айқындайтын, цифрлық объектіні сипаттайтын цифрлық объектілер сыныптауышының ерекшелендіру параметрлерінің жиынтығы;

10) санатты сипаттау параметрлері – цифрлық объектінің функционалдық, техникалық, сапалық немесе пайдалану сипаттамаларын бір мағыналы анықтайтын цифрлық объектілерін сыныптауыштың өлшемшарттары;

11) серверлік үй-жай мен оның инженерлік инфрақұрылымы – серверлік, желілік жабдықты және құрылымдалған кәбілдік жүйелер жабдығын, сондай-ақ цифрлық деректерді жіберу құралдарын, локальдық есептеу желілерін, Интернетке және мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасына қолжетімділікті қамтамасыз ету құралдарын қоса алғанда, байланыс құралдарын орналастыру мен жұмыс істеуіне арналған үй-жайлар кешені;

12) цифрлық объектіні сәйкестендіру (бұдан әрі – сәйкестендіру) – цифрлық объектіні бұдан әрі сыныптау мақсаттары үшін цифрлық объектіні цифрлық объектілердің сыныптауыш санаттарының біреуіне жатқызу;

13) цифрлық объектінің сыныбы – цифрлық объектілерді сыныптау схемасына сәйкестігін бағалау нәтижелері бойынша берілген цифрлық объекті маңыздылығының дәйектелген деңгейі;

14) цифрлық объектіні сыныптау (бұдан әрі – сыныптау) – цифрлық объектінің сыныбын беру жөніндегі іс-шаралар жиынтығы;

15) цифрлық объектілерді сыныптау схемасы – цифрлық объектілердің белгіленген санат шеңберіндегі цифрлық объекті тобының талаптарына сәйкестігін бағалау тәсілі;

16) цифрлық объектілердің сыныптауышы (бұдан әрі – сыныптауыш) – цифрлық объектілерді сәйкестендіруге, санатқа бөлуге, сипаттауға және есепке алуға бағытталған санаттардың жүйеленген тізбесі.

Цифрлық объектінің сыныптауын жүргізгенге дейін оның меншік иесі немесе иеленуші Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес сыныптауыштың тиісті санатына жататынын анықтау, кейіннен Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес сыныптау схемасына сәйкес объектіге оның маңыздылығының дәйектелген деңгейін көрсететін белгілі бір санат беру арқылы осы объектіні сәйкестендіруді жүзеге асырады. Цифрлық объектілердің сыныптауышы осы Қағидаларға 3-қосымшада келтірілген.

2-тарау. Цифрлық объектілердің сыныптауышын қалыптастыру және жүргізу тәртібі

3. Цифрлық объектілердің сыныптауышын қалыптастыруды және жүргізуді цифрландыру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) жүзеге асырады.

4. Цифрлық объектілердің сыныптауышын қалыптастыру үшін уәкілетті орган Архитектуралық-үйлестіруші орталыққа және мүдделі мемлекеттік органдарға ұсыныстар ұсыну туралы еркін нысанда сұрау салу жібереді.

Архитектуралық-үйлестіруші орталық және мүдделі мемлекеттік органдар тиісті сұрау салуды алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде уәкілетті органға ұсыныстар ұсынады.

Уәкілетті орган ұсыныстар келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оларды қарайды және жинақтайды, оның нәтижелері бойынша цифрлық объектілердің сыныптауышының жобасын қалыптастырады.

5. Санаттардың, сипаттамалардың, параметрлердің, индикаторлардың, бағалау өлшемшарттарының және сыныптау схемаларының құрамын өзгерту цифрлық объектілердің сыныптауышын жүргізу шеңберінде жүзеге асырылады.

6. Цифрлық объектілердің сыныптауышын жүргізу мыналарды:

1) цифрлық объектілердің сыныптауышына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы ұсыныстарды жинауды, қарауды және жинақтауды;

2) оны қолдану тәжірибесіне мониторинг жүргізуді;

3) цифрлық объектілердің сыныптауышына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді қамтиды.

7. Архитектуралық-үйлестіруші орталықтың және мүдделі мемлекеттік органдардың цифрлық объектілерінің сыныптауышына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы ұсыныстары уәкілетті органға жолданады және мыналарды қамтиды:

1) бастамашының атауы;

2) ұсынылатын өзгерістердің сипаттамасы;

3) оны енгізу қажеттілігінің негіздемесі;

4) ұсынысқа жататын цифрлық объектілер туралы мәліметтер;

5) ықтимал құқықтық, ұйымдастырушылық, қаржылық және технологиялық салдарларды бағалау;

6) ұсынылатын тұжырымдар.

8. Уәкілетті орган ұсыныс тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде:

1) ұсынылған материалдарды қарайды;

2) өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу не ұсыныстан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

9. Ұсыныс қабылданбаған жағдайда уәкілетті орган бастамашыға бас тарту себептері көрсетілген дәлелді жауап жолдайды.

10. Цифрлық объектілердің сыныптауышын өзектендіруге мыналар:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруі;

2) цифрлық объектілердің немесе цифрлық технологиялардың жаңа түрлерінің пайда болуы;

3) архитектуралық, технологиялық немесе ұйымдастырушылық тәсілдердің өзгеруі;

4) санаттар мен өлшемшарттардағы олқылықтардың, қайталанудың не екіұштылықтың анықталуы;

5) цифрлық объектінің сыныбын бірізді айқындаудың мүмкін болмауы;

6) сыныптауышты мониторингтеу және қолдану практикасының нәтижелері;

7) сыныптауышты халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкес келтіру қажеттілігі негіз болып табылады.

Цифрлық объектілердің
сыныптауышын қалыптастыру
және жүргізу қағидаларына
1-қосымша

Цифрлық объектілердің сыныптауыш санаттары

Коды	Цифрлық объектілердің сыныптауыш санаттарының атауы
1. Цифрлық ресурстар	
1.1.	Жеке және заңды тұлғалардың сәйкестендіру деректері
1.2.	Жеке және заңды тұлғалардың мүліктері мен мүліктік құқықтары туралы деректер
1.3.	Жеке және заңды тұлғалардың білімі мен біліктілігі туралы деректер
1.4.	Жеке тұлғалардың туыстық байланыстары туралы деректер
1.5.	Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл туралы мәліметтер
1.6.	Жылжымайтын мүлік объектілері туралы деректер
1.7.	Инфрақұрылым объектілері туралы деректер
1.8.	Көлік құралдары туралы деректер
1.9.	Кірістер мен шығыстар туралы деректер
1.10.	Мемлекеттік органдардың қызметі туралы деректер
1.11.	Жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың қызметі туралы деректер
1.12.	Шарттық және өзге міндеттемелер туралы деректер
2. Қолданбалы бағдарламалық қамтылым	
2.1.	Стратегиялық басқару (SM, Strategy Management)
2.1.1.	Бизнес-жоспарлау жүйесі (PLN, Business Planing system)
2.1.2.	Кәсіпорынның тиімділігін басқару (EPM, Enterprise Performance Management)
2.1.3.	Шешімдерді қабылдауды қолдау жүйесі (DSS, Decision Support System)
2.1.4.	Тәуекелдерді басқару жүйесі (RMS, Risk Management System)
2.2.	Бизнес-аналитика (BI, Business Intelligence)
2.2.1.	Нақты уақыттағы аналитикалық өңдеу (OLAP, Online Analytical Processing)
2.2.2.	Болжам және үлгілеу жүйесі (FMS, Forecasting and Modeling System)

2.2.3.	Есептілікті құру және жинақтау құралдары (ERMS, Enterprise Reporting Management Services)
2.3.	Қаржы-шаруашылық қызметті басқару
2.3.1.	Кәсіпорынның ресурстарын жоспарлау (ERP, Enterprise Resource Planning)
2.3.2.	Персоналды басқару жүйесі (HRM, Human Resource Management)
2.3.3.	Қызметкерлердің өзіне-өзі қызмет көрсету жүйесі (ESS, Employee Self-Service Management)
2.3.4.	Корпоративтік оқытуды басқару жүйесі (ELMS, Enterprise Learning Management System)
2.3.5.	Жұмыс уақытын есепке алу жүйесі (TTS, Time Tracking Software)
2.3.6.	Кадрлық есепке алу жүйесі (PPS, Payroll Processing System)
2.3.7.	Персоналдың дарындарын, мансабын және сабақтастығын басқару (TMS, Talent Management System)
2.3.8.	Сыйақыларды басқару (CMMS, CoMpenSation Management System)
2.3.9.	Жеңілдіктер мен әлеуметтік бағдарламаларды басқару (BMS, Benefits Management System)
2.3.10.	Іссапарларды басқару жүйесі (TRMS, TRavel Management System)
2.3.11.	Персоналды іріктеу және жұмысқа қабылдау жүйесі (RMS, Recruiting Management System)
2.3.12.	Еңбек қауіпсіздігі мен денсаулықты қорғауды басқару жүйесі (EHSS, Enterprise Health Safety System)
2.3.13.	Персоналды бағалау және аттестаттау тиімділігін басқару (PMS, Performance Management System)
2.3.14.	Персоналды дамыту және кадрлық резервті басқару (PDS, Personnel Development System)
2.3.15.	Заң және құқықтық қамтамасыз ету жүйесі (LMLSS, Legal Management and Legal Support System)
2.3.16.	Қаржы ақпараттық жүйелер (FIS, Financial Information System)
2.3.17.	Есептеудің автоматтандырылған жүйесі (Billing Management System, BMS)
2.3.18.	Бухгалтерлік есепті автоматтандыру жүйесі (AMS, Accounting Management System)
2.3.19.	Сақтандыруды басқару жүйесі (ISMS, InSurance Management Systems)
2.3.20.	Инвестицияларды басқару жүйесі (IVMS, InVestment Management Systems)
2.3.21.	Төлемдерді басқару жүйесі (PYMS, PaYment Management Systems)

2.3.22.	Салыктарды басқару жүйесі (TXMS, Taxation Management System)
2.3.23.	Ахуалдық орталық (SOC, Security Operation Center)
2.3.24.	АТ қызметтерін басқару жүйесі (ITSM, Information Technology Service Management)
2.3.25.	Сервис деңгейін басқару құралдары (SLM, Service Level Management)
2.3.26.	Жария ету және мониторинг құралдары (AMT, Alerts and Monitoring Tools)
2.3.27.	Ақауларды басқару (FMS, Fault Management System)
2.3.28.	Акпараттандыру бойынша активтерді басқару (ITAMS, IT Asset Management System)
2.3.29.	Лицензияны басқару (LMS, License Management System)
2.3.30.	Қолдау қызметінің құралдары (SDT, Service Desk Tools)
2.3.31.	Сатып алуды басқару жүйесі (PSS, Procurement Planning System)
2.3.32.	Өндірістік активтерді басқару (EAM, Enterprise Asset Management)
2.4.	Аукциондарды ұйымдастыру және қаражат жинау жүйесі (AFMS, Auction and Fundraiser Management Software)
2.5.	Күрделі құрылысты басқару жүйесі (CCMS, Capital Construction Management System)
2.6.	Коммуналдық меншікті басқару құралдары (UMS, Utilities Management System)
2.7.	Логистиканы және дистрибуцияны басқару (LDM, Logistics and Distribution Management)
2.7.1.	Жеткізулер тізбегін басқару (SCM, Supply Chain Management)
2.7.2.	Өнім берушілермен өзара іс-қимылды басқару (SRM, Supplier Relationship Management)
2.7.3.	Логистикалық акпараттық жүйелер (LGMS, Logistics Management System)
2.7.4.	Қойманы басқару жүйесі (WMS, Warehouse management)
2.7.5.	Автокөлік қауіпсіздігі және бақылау жүйесі (TMS, Transportation Management Systems)
2.7.6.	Көлік құралдарын және құралдандыруды басқару жүйесі (MRO, Maintenance, Repair and Operations)
2.7.7.	Автошаруашылықты басқару жүйесі (FMS, Fleet Management System)
2.8.	Жөндеулерді кешенді басқару (TPM, Total Productive Maintenance)
2.9.	Қызметті акпараттық қамтамасыз ету (IMS, Information Management System)

2.9.1.	Корпоративтік ақпаратты басқару (ECM, Enterprise Content Management)
2.9.2.	Білім базалары (KBS, Knowledge Base System)
2.9.3.	Ақпараттық-анықтамалық жүйе (RMS, Reference Management System)
2.9.4.	Ақпараттық-іздігіру жүйесі (IRS, Information Retrieval Systems)
2.10.	Электрондық сөздіктер (EDS, Electronic Dictionary Software)
2.11.	Жазбаларды басқару жүйесі (RM, Records Management)
2.12.	Өндірісті басқару жүйесі (MES, Manufacturing Execution System)
2.12.1.	Диспетчерлік басқару және деректерді жинау (SCADA, Supervisory Control and Data Acquisition)
2.12.2.	Өндірістік процестер мониторингінің жүйесі (MMPS, Monitoring of Manufacturing Processes System)
2.12.3.	Тауарлық ақпаратты кодтау құралдары (PCLS, Product Coding and Labeling Software)
2.12.4.	Бар-кодтау құралдары (BCS, Bar Coding Software)
2.12.5.	Таңбалау құралдары (LMS, Label Making Software)
2.12.6.	Өндірісті диспетчерлендіру және өнімді жедел есепке алу (CAM, Computer-Aided Manufacturing)
2.13.	Қызметті қамтамасыз ету
2.13.1.	Операцияларды қолдау жүйесі (OSS, Operation Support System)
2.13.2.	Ішкі бақылауды жедел басқару (OPCS, Operation Process Control System)
2.13.3.	Жобаларды басқару жүйесі (PMS, Project Management System)
2.13.4.	Электрондық құжат айналымы жүйесі (DMS, Document Management System)
2.13.5.	Тапсырмаларды басқару және бақылау (TKMS, Task Management Software)
2.14.	Тұтынушылармен өзара қарым-қатынасты басқару (CRM, Customer Relationship Management)
2.14.1.	Байланыс орталығы жүйесі (CCCS, Customer Contact Center System)
2.14.2.	Тұтынушыларға қызмет көрсету орталықтарының жүйесі (CECS, Customer Engagement Center System)
2.14.3.	Қашықтықтан қызмет көрсету (CSAS, Customer Service Automation System)
2.14.4.	Тұтынушылар туралы ақпаратты талдау (CIA, Customer Information Analysis)
2.14.5.	Клиенттер мен шоттарды басқару (CAM, Customer Account Management)

2.14.6.	Қоғамдық пікірді талдау (SRM, Social Relationship Management)
2.14.7.	Тұтынушылардың байланыстары мен профильдерін басқару (CCPM, Customer Contact and Profile Management)
2.14.8.	Тұтынушылармен кері байланыс (EFM, Enterprise Feedback Management)
2.14.9.	Электрондық кезекті басқару (EQMS, Electronic Queue Management Systems)
2.14.10.	Сауалнама және сұрау жүргізу құралдары (OSM, Online Survey Management)
2.14.11.	Таратуларды басқару жүйесі (CAMS, CAmpaign Management System)
2.15.	Пайдаланушы және қолда бар құралдар (USR, Users Tools)
2.15.1.	Кеңсе қызметін автоматтандыру құралдары (OFS, Office Suite)
2.15.2.	Мәтін редакторы (WPS, Word Processing Software)
2.15.3.	Кесте редакторы (SPS, Spreadsheet Processing Software)
2.15.4.	Іскерлік графика және презентация редакторы (PPS, Presentation Processing Software)
2.15.5.	Графикалық редактор (GES, Graphic Editing Software)
2.15.6.	Күнтізбені жоспарлау (PIM, Personal Information Manager)
2.15.7.	Органайзерді басқару құралдары (CTMS, Contact Manager Software)
2.15.8.	Аударма құралдары (TT, Translation Tools)
2.15.9.	Файл менеджерлері (FMT, File Management Tools)
2.15.10.	Веб-браузер (WBS, Web Browser Software)
2.15.11.	Файлдарды беру құралдары (MFTS, Managed File Transfer Software)
2.16.	Ұжымдық жұмыс құралдары (CSCW, Computer-Supported Cooperative Work)
2.16.1.	Бейнеконференция жүйесі (VCS, Video Conference System)
2.16.2.	Жедел хабар алмасу жүйесі (IMS, Instant Messaging System)
2.16.3.	Электрондық пошта алмасу құралдары (EMS, Electronic Mail Software)
2.16.4.	Корпоративтік ақпараттық портал (EIP, Enterprise Information Portal)
2.16.5.	Блог және баспа платформасы (BPP, Blogging and Publishing Platforms)

2.16.6.	Әлеуметтік коммуникациялардың корпоративтік құралы (ESNS, Enterprise Social Networking Software)
3. Жүйелік бағдарламалық қамтылым	
3.1.	Операциялық жүйелер (OS, Operation System)
3.2.	Бұлттық инфрақұрылымды және виртуализацияны басқару құралдары (CVMS, Cloud and Virtualization Management Software)
3.3.	Бұлтты инфрақұрылымды басқару құралдары (CIMS , Cloud Infrastructure Management Software)
3.4.	Аппараттық виртуалдандыру құралдары (HVS, Hardware Virtualization Software)
3.5.	Бағдарламалық виртуалдандыру құралдары (SWVS, SoftWare Virtualization Software)
3.6.	Деректер қоймаларын виртуалдандыру құралдары (STVS, STorage Virtualization Software)
3.7.	Корпоративтік мобильді құрылғыларды басқару (EMM, Enterprise Mobile Management)
3.8.	Корпоративтік мобильді қосымшаларға арналған платформа (MEAP, Mobile Enterprise Application Platform)
3.9.	Мобильді құрылғыларды басқару құралдары (MDMS, Mobile Device Management Software)
3.10.	Геоақпараттық жүйе (GIS, Geographic Information System)
3.11.	Деректерді басқару (DM, Data Management)
3.11.1.	Дерекқорды басқару жүйесі (DBMS, Data Base Management System)
3.11.2.	Деректер қоры (DW, Data Warehouse)
3.11.3.	Негізгі деректерді басқару (MDM, Master Data Management)
3.11.4.	Нормативтік-анықтамалық ақпаратты басқару (RDM , Reference Data Management)
3.11.5.	Контентті басқару жүйесі (CMS, Content Management System)
3.11.6.	Деректерді енгізу нысандарын басқару құралдары (EFMS, Electronic Forms Management Software)
3.12.	Құжаттарды ағындық тану құралдары (OCRS, Optical Character Recognition Services)
3.13.	Деректерді алу, түрлендіру және жүктеу құралдары (ETLS, Extract Transform Load Services)
3.14.	Деректер сапасын басқару (DQM, Data Quality Management)
3.15.	Деректерді архивтеу құралдары (AMS, Archive Management Tools)
3.15.1.	Резервтік көшірме құралдары (BMS, Backup Management Tools)

3.15.2.	Деректерді сақтауды оңтайландыру құралдары (SOT , Storage Optimization Tools)
3.15.3.	Деректерді жинау құралдары (DMT, Data Mining Tools)
3.15.4.	Деректерді конверсиялау құралдары (DCVT, Data ConVersion Tools)
3.15.5.	Деректерді қысу құралдары (DCT, Data Compression Tools)
3.16.	Бағдарламалық қамтылым әзірлеуді басқару (AMT, Application Management Tools)
3.16.1.	Бағдарламалық қамтылымды әзірлеу құралдары (ADT, Application Development Tools)
3.16.2.	Бағдарламалық қамтылым өмірлік циклін басқару құралдары (ALMS, AppLication Management Software)
3.16.3.	Бағдарламалық қамтылымды тестілеу құралдары (ATS, Application Testing Software)
3.16.4.	Бағдарламалық қамтылым өнімділігін басқару құралдары (APMT, Application Performance Management Tools)
3.16.5.	Бағдарламалық қамтылым талаптарын басқару құралдары (RMT, Requirements Management Tool)
3.16.6.	Бағдарламалық қамтылымды сапасын басқару құралдары (QMSS, Quality Management System Software)
3.16.7.	Бағдарламалық қамтылымды жобалау құралдары (CASE, Computer-Aided Software Engineering)
3.16.8.	Бағдарламалық қамтылым конфигурациясын басқару құралдары (SCM, Software Configuration Management)
3.16.9.	Нұсқаларды басқару жүйесі (VCS, Version Control Software)
3.17.	Интеграция және ақпараттық өзара іс-қимыл құралдары (IMS, Integration Management Software)
3.17.1.	Корпоративтік қосымшалардың интеграциясы (EAI, Enterprise Application Integration)
3.17.2.	Корпоративтік сервистік шина (ESB, Enterprise Service Bus)
3.17.3.	Хабарлама кезегін ауыстыру құралдары (MQS, Message Queue Software)
3.17.4.	Бизнес-процестерді интеграциялау құралдары (BPIS , Business Process Integration Software)
3.17.5.	Бизнес-процестер жай-күйінің мониторингі (BAMS, Business Activity Management System)
3.18.	Бизнес-процестерді басқару (BPMS, Business Process Management System)
3.18.1.	Бизнес-қағидаларды басқару (BRMS, Business Rules Management System)

3.18.2.	Бизнес-процестерді талдау құралдары (BPAT, Business Process Analysis Tools)
3.19.	Қауіпсіздікті басқару (SMT, Security Management Tools)
3.19.1.	Ақпараттың тарап кетуінің алдын алу жүйесі (DLP, Data Leak Prevention)
3.19.2.	Басып кіруді болдырмау жүйесі (HIPS, Host-based Intrusion Prevention System)
3.19.3.	Вирусқа қарсы құралдар (AVR, Antivirus)
3.19.4.	Антиспам құралдары (ASGS, Anti-Spam Filter Software)
3.19.5.	Желіаралық экранның қауіпсіздік менеджері (FSM, Firewall Security Manager)
3.19.6.	Құпия ақпаратты ішкі қатерлерден қорғау (IPC, Information Protection and Control)
3.19.7.	Сәйкестендіруді және кіруді басқару (IAM, Identity and Account Management)
3.19.8.	Желіні басқару және мониторинг құралдары (NNM, Network Node Manager)
3.19.9.	Диагностика құралдары (DT, Diagnostic Tools)
3.19.10.	Биометриялық сәйкестендіру жүйесі (BIDS, Biometric Identification System)
3.19.11.	Қол жеткізуді бақылау және басқару жүйесі (ACMS, Access Control Management System)
3.19.12.	Бейнебақылау жүйесі (VMS, Video Monitoring System)
3.19.13.	Каталогтар қызметі (ADS, Active Directory Service)
3.19.14.	Электрондық цифрлық қолтаңба инфрақұрылымы (PKI, Public Key Infrastructure)
3.19.15.	Оқыс оқиғалар мен ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын басқару жүйелері (SIEM, Security Information and Event Management)
3.20.	Утилиттер (UTL, UTiLities)
3.20.1.	Кірістірілетін бағдарламалық қамтылым (FWR, FirmWaRe)
3.20.2.	Бірыңғай уақыт жүйесі (CTSS, Compatible Time-Sharing System)
3.21.	Жасанды интеллект жүйелері (AIS, Artificial Intelligence Systems)
3.21.1.	Жасанды интеллекттің аналитикалық (болжамдау) жүйелері (AP AIS, Analytical (Predictive) Artificial Intelligence Systems)
3.21.2.	Шешімдерді автоматты түрде қабылдау жөніндегі жасанды интеллекттің басқару жүйелері (ADMC, Artificial Intelligence Systems for Automated Decision-Making and Control)

3.21.3.	Мәтінді, бейнені, музыканы, кодты және т.б. жасау бойынша жасанды интеллекттің генеративтік жүйелері (GAIS, Generative Artificial Intelligence Systems)
3.21.4.	Адаммен қарым-қатынас жасау бойынша жасанды интеллекттің диалогтық жүйелері (CAIS, Conversational Artificial Intelligence Systems)
4. Цифрлық инфрақұрылым объектілері	
4.1.	Деректерді өңдеу құралдары
4.1.1.	Суперкомпьютер
4.1.2.	Серверлік консоль
4.1.3.	Микроконтролер
4.1.4.	Моноблок
4.1.5.	Мэйнфрейм
4.1.6.	Нетбук
4.1.7.	Ноутбук
4.1.8.	Планшет
4.1.9.	Жұмыс станциясы
4.1.10.	Сервер
4.2.	Деректерді сақтау құралдары
4.2.1.	Деректерді сақтау жүйесі
4.2.2.	Деректердің желілік жинақтауышы
4.2.3.	Таспалы кітапхана
4.3.	Серверлік бөлме және оның инженерлік инфрақұрылымы
4.4.	Үздіксіз қуаттау көзі
4.5.	Серверлік шкаф
4.6.	Телекоммуникациялық шкаф
4.7.	Байланыс арналары және телекоммуникациялық инфрақұрылым
4.8.	Коммутациялық панель
4.9.	Маршрутизатор
4.10.	Модем
4.11.	Желілік коммутатор
4.12.	Желілік концентратор
5.	Цифрлық жазбалар
6.	Цифрлық активтер
7.	Цифрлық деректер өнімдері

Цифрлық объектілердің
сыныптауышын қалыптастыру
және жүргізу қағидаларына
2-қосымша

Цифрлық объектілердің сыныптауыш схемасы

1. Цифрлық ресурстарды сыныптауыш схемасы:

Цифрлық ресурстар үшін сақталатын ақпараттың кеңінен қолдануымен, тұтастығымен және маңыздылығымен айқындалатын 3 сынып белгіленеді, оның ішінде :

1-сынып (ең жоғары): алғашқы және (немесе) эталонды цифрлық ресурс – цифрлық ресурстың қолжетімсіздігі, жойылуы немесе жарамсыздығы елеулі жағымсыз әлеуметтік, саяси немесе экономикалық салдарға және цифрлық ресурсты пайдаланушы үшін функциялардың бөлігін орындау мүмкінсіздігіне әкеледі;

2-сынып (орташа): қайталама цифрлық ресурс – цифрлық ресурстың қолжетімсіздігі, жойылуы немесе жарамсыздығы орташа жағымсыз әлеуметтік, саяси немесе экономикалық салдарға, өнімділіктің төмендеуіне және (немесе) цифрлық ресурсты пайдаланушы үшін функциялардың бөлігін орындау мүмкінсіздігіне әкеледі;

3-сынып (ең төмен): операциялық немесе туынды цифрлық ресурс – цифрлық ресурстың қолжетімсіздігі, жойылуы немесе жарамсыздығы цифрлық ресурсты пайдаланушы үшін елеулі салдарға әкелмейді.

"Цифрлық ресурстар" 1-санатының сыныптамалық сипаттамасы	Кеңінен қолдануы			Тұтастығы			Маңыздылығы			
	Сынып деңгейі	Жоғары [2.1; 3]	Орташа [1.1; 2]	Төмен [0.5; 1]	Жоғары [2,6; 3,5]	Орташа [1,4; 2,5]	Төмен [0,4; 1,3]	Жоғары [3,6; 4,5]	Орташа [2,5; 3,5]	Төмен [1,2; 2,4]
	Алғашқы және эталонды цифрлық ресурс	X			X			X		
	Қайталама цифрлық ресурс		X			X		X		
	Операциялық немесе туынды цифрлық ресурс			X		X			X	

2. Қолданбалы бағдарламалық қамтылым сыныптау схемасы:

Қолданбалы бағдарламалық қамтылым үшін 3 сынып белгіленеді, олар қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етудің функционалдық қамтылуына, күрделілігіне, сындарлылығына және құндылығына сәйкес айқындалады, оның ішінде:

1-сынып (ең жоғары): басымдығы жоғары қолданбалы бағдарламалық қамтылым – аса маңызды цифрлық жүйелер, интернет-ресурстар және бағдарламалық өнімдер, сондай-ақ тәуекел дәрежесі жоғары жасанды интеллект жүйелері, олардың жұмыс істеуінің бұзылуы немесе тоқтатылуы әлеуметтік және (немесе) техногендік сипаттағы төтенше жағдайға не қорғаныс, қауіпсіздік, халықаралық қатынастар, экономика, шаруашылықтың жекелеген салалары, Қазақстан Республикасының инфрақұрылымы немесе тиісті аумақта тұратын халықтың тыныс-тіршілігі үшін елеулі теріс салдарға алып келетін;

2-сынып (орташа): орташа басымдықтағы қолданбалы бағдарламалық қамтылым – ауқымды ведомствоаралық және ведомстволық цифрлық жүйелер, интернет-ресурстар және бағдарламалық өнімдер, сондай-ақ тәуекел дәрежесі орташа жасанды интеллект жүйелері, олардың істен шығуы бір немесе бірнеше мемлекеттік орган қызметінің тиімділігі мен нәтижелілігінің төмендеуіне алып келетін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне, азаматтарына және коммерциялық ұйымдарына материалдық залал келтіруі мүмкін;

3-сынып (ең төмен): төмен басымдықтағы қолданбалы бағдарламалық қамтылым – ведомстволық үлгілік цифрлық жүйелер, интернет-ресурстар және бағдарламалық өнімдер, сондай-ақ тәуекел дәрежесі ең төмен жасанды интеллект жүйелері, олардың істен шығуы бір мемлекеттік органның немесе оның жекелеген құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне барынша аз әсер ететін.

"Қолданбалы бағдарламалық қамтылым" 2-санатының сыныптау сипаттамасы	Қамтылуы			Күрделілігі			
	С ы н ы п деңгейі	Жоғары [1.6; 2.5]	Орташа [1.1; 1.5]	Төмен [0.6; 1]	Жоғары [2.1; 3]	Орташа [1.1; 2]	Төмен [0.4; 1]
	Басымдығы жоғары қолданбалы бағдарламалық қамтылым	X			X		
	Басымдығы орташа қолданбалы бағдарламалық қамтылым		X			X	
	Басымдығы төмен қолданбалы						

бағдарламалық қамтылым			X			X
------------------------	--	--	---	--	--	---

кестенің жалғасы

Маңыздылығы			Құндылығы		
Жоғары [3.1; 4]	Орташа [2.1; 3]	Төмен [0.5; 2]	Жоғары [2.6; 3.5]	Орташа [1.6; 2.5]	Төмен [0.2; 1.5]
X			X		
	X			X	
		X			X

3. Жалпы жүйелік бағдарламалық қамтылымды сыныптау схемасы:

Жалпы жүйелік бағдарламалық қамтылым үшін бағдарламалық қамтылымның қуаттылығы мен әмбебаптығына сәйкес айқындалатын 3 сынып белгіленеді:

1- сынып (ең жоғары): платформалық және қамтамасыз етуші бағдарламалық қамтылым – 1 және 2-топтағы қолданбалы бағдарламалық қамтылымды әзірлеуге және пайдалануға бағытталған өнеркәсіптік ауқымды бағдарламалық қамтылым;

2- сынып (ең төмен): жүйелік бағдарламалық қамтылым – кіші жұмыс топтары мен жеке жұмыс станцияларының, сондай-ақ 3-топтағы қолданбалы бағдарламалық қамтылым жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған бағдарламалық қамтылым.

"Жалпы жүйелік бағдарламалық қамтылым" 3 санаттың сыныптау сипаттамасы	Қуаты			Әмбебаптылығы		
Топ деңгейі	Жоғары [2,6; 3]	Орташа [1,4; 2,5]	Төмен [1; 1,3]	Жоғары [2,7; 3,5]	Орташа [1,8; 2,6]	Төмен [1; 1,7]
Платформалық және қамтамасыз етуші бағдарламалық қамтылым	X			X		
Жүйелік бағдарламалық қамтылым			X			X

4. Цифрлық инфрақұрылым объектілері сыныптаушының схемасы:

Қуаты мен сенімділігіне сәйкес айқындалатын цифрлық инфрақұрылым объектілері үшін 3 сынып белгіленеді, оның ішінде:

1-сынып (ең жоғары): өнімділігі жоғары деректерді өңдеу мен сақтаудың техникалық құралдары – өнімділік пен сенімділіктің жоғары деңгейі бар жабдықтар;

2-сынып (орташа): өнімділігі орташа деректерді өңдеу мен сақтаудың техникалық құралдары – өнімділіктің орташа статистикалық сипаттамасы мен сенімділікке арнайы талаптары бар жабдықтар;

3-сынып (ең төменгі): Өнімділігі төмен деректерді өңдеу мен сақтаудың техникалық құралдары – өнімділік сипаттамасының заманауи талаптарына сәйкес келмейтін және сенімділікке арнайы талаптары жоқ жабдықтар.

"цифрлық инфрақұрылым объектілері" 3-санатының сыныптау сипаттамасы	Қуаты			Сенімділігі			
	Сынып деңгейі	Жоғары [2.6; 3.5]	Орта [1.6; 2.5]	Төмен [0.3; 1.5]	Жоғары [2.1; 2.5]	Орта [1.1; 2]	Төмен [0.2; 1]
Өнімділігі жоғары деректерді өңдеу мен сақтаудың техникалық құралдары	X				X		
Өнімділігі орташа деректерді өңдеу мен сақтаудың техникалық құралдары			X			X	
Өнімділігі төмен деректерді өңдеу мен сақтаудың техникалық құралдары				X			X

5. Цифрлық жазбалар схемасы:

Цифрлық жазбалар үшін 3 сынып белгіленеді, олар маңыздылығы, сенімділігі және аса маңыздылығына сәйкес анықталады.

1-сынып (ең жоғары) – жазба жоғары маңыздылыққа ие, деректердің сенімді қорғалуын және тұтастығын қамтамасыз етеді, оның қолжетімсіздігі ауыр зардаптарға әкеледі.

2-сынып (орташа) – жазба орташа маңыздылыққа ие, негізгі сенімділік қамтамасыз етіледі, оның істен шығуы орташа, бірақ басқарылатын зардаптарға әкеледі.

3-сынып (ең төменгі) – жазба маңыздылығы төмен, сенімділігі минималды, оның қолжетімсіздігі елеулі зиян келтірмейді.

" Цифрлық жазбалар" 5 - санаттың	Маңыздылық		Аса маңыздылық
---	------------	--	----------------

телекомм уникация л ы қ желілер, байланыс құралдар ы		X			X			X	
Басымды ғы төмен телекомм уникация л ы қ желілер, байланыс құралдар ы			X			X			X

Цифрлық объектілердің
сыныптауышын қалыптастыру
және жүргізу қағидаларына
3-қосымша

Цифрлық объектілердің сыныптауышы

Санаты	С а н а т сипаттамасы	С а н а т сипаттамасының параметрі	Салмақ коэффициенті	С а н а т параметрінің индикаторы	Бал
			1,5 (Басты)	Жергілікті – ұйымның бір құрылымдық бөлімшесі қызметінің жай-күйі мен нәтижелерін сипаттайтын ақпараттан тұрады	0,2
				Салалық – бір немесе бірнеше сала ұйымының жеке саласының шеңберіндегі қызметінің жай-күйі мен нәтижелерін сипаттайтын ақпараттан тұрады	0,6
	1.1 Ауқымы Бағалау параметрлері:			Аралық – бірнеше ұйым қызметінің жай-күйі мен нәтижелерін сипаттайтын	0,8

	Жоғары – 2,1-ден 3-ке дейін Орта – 1,1-ден 2-ге дейін Төмен – 0,6-дан 1-ге дейін	1.1.1 Қамту		ақпараттан тұрады	
				Ұлттық – Қазақстан Республикасы ауқымда бірнеше салалары бойынша қызметінің жай-күйі мен нәтижелерін сипаттайтын ақпараттан тұрады	1
				Интернационалдық – өңірлік және (немесе) халықаралық ауқымда бір не бірнеше салалар бойынша қызметінің жай-күйі мен нәтижелерін сипаттайтын ақпараттан тұрады	1,5
		1.1.2 Күрделілігі	0,5 (Базалық)	Каталог – тек бір деректер объектісі туралы тәртіпке келтірілген ақпараттан тұрады	0,3
				Матрица – екі және одан көп деректер объектілері туралы ақпараттан тұрады	0,5
			1 (Негізгі)	Жыл сайын – деректер регламенттелген жыл сайынғы цикл шеңберінде немесе жасалған сұрау салу бойынша өтесірек жаңартылады	0,1

1.1.3 Деректерді
жаңарту мерзімі

Токсан сайын -
деректер
регламенттелген
цикл шеңберінде
немесе жасалған
сұрау салу
бойынша өте
с и р е к
жаңартылады

0,2

Ай сайын -
деректер
регламенттелген
цикл шеңберінде
немесе жасалған
сұрау салу
бойынша ай
с а й ы н
жаңартылады

0,4

Апта сайын –
деректер апта
сайын есептілік
шеңберінде не
деректерді
ауқымды енгізу
жолымен ай
сайынғы негізде
тұрақты
жаңартылады

0,6

Күн сайын –
деректер бір күн
і ш і н д е
ақпараттарды
енгізе отырып,
операциялық
қызметті
орындау
процесінде
жаңартылады

0,8

Сағат сайын –
деректер бір
сағатқа дейін
кідірумен
операциялық
қызметті
орындау
процесінде
жаңартылады

0,9

Нақты уақыт
режимінде –
деректер
кідіріссіз
операциялық
қызметті

1

			орындау процесінде жаңартылады	
1.2 Тұтастығы Бағалау параметрі: Жоғары – 3,1-ден 4,5-ға дейін Орта – 1,6-дан 3-ке дейін Төмен – 0,6-дан 1,5-ға дейін	1.2.1 Сақталатын деректердің толықтығы	1,5 (Басты)	Ең төмен - бейіндік сала объектілерінің, оның ішінде операциялық деректер, архивтік деректерсіз жалпы санының 25%-дан көп емесінен тұрады	0,2
			Кідірісті – бейіндік сала объектілерінің, оның ішінде кідірісті операциялық деректер, архивтік деректерсіз жалпы санының 65%-дан көп емесінен тұрады	0,4
			Ішінара – бейіндік сала объектілерінің, оның ішінде ішінара немесе толық жедел есеп алу, бірақ архивтік деректерсіз жалпы санының 85%-дан көп емесінен тұрады	0,7
			Толық - бейіндік сала объектілерінің, оның ішінде архивтік деректерінің жалпы санының 85-100%-нан тұрады	1,5
		0,5	Қолмен жинау, өңдеу және енгізу - деректер бірнеше тәуелсіз әкімшілік көздерден	

			(Базалық)	қолмен жиналады, өңделеді және цифрлық ресурстарға енгізіледі	0,2
				Қолмен енгізу – деректер олардың туындау орнында және процесінде цифрлық ресурсқа қолмен енгізіледі	0,3
		1.2.2 Толықтыру әдісі		Автоматтандыр ылған өңдеу – деректер қағаз құжаттарды сканерден өткізу немесе деректерді автоматты түрде өңдеу арқылы, оның ішінде айырып тану, үлгілік нысандарды жүктеу не цифрлық ресурстардың және олардың бөліктерінің деректер қорының көшірмесін жүктеу арқылы қалыптасады	0,4
				Автоматты жинау – деректер ықпалдастыру арқылы беделді алғашқы көзден деректерді автоматтандыры лған режимде алу жолымен қалыптасады	0,5
				Жүйесіз - цифрлық ресурстың бірыңғай иесі	

			0,5 (Базалық)	немесе меншік иесі айқындалмаған, ресурс бірнеше құрылымдық бөлімшелерден немесе аумақтық бөлімшелерден бөлек құрылады, деректерді жинау және цифрлық ресурсқа енгізуді реттейтін регламент бекітілмеген	0
				Интуитивті – цифрлық ресурстың иесі немесе меншік иесі ресми емес айқындалған, толтыру бойынша жұмыстар ресми емес не ауызша уағдаластық бойынша келісілген түрде жүргізіледі	0,2
		1.2.3 Басқарылушылығы		Белгілі – деректерді жинау және цифрлық ресурсқа енгізуді реттейтін регламент бекітілген және цифрлық ресурстың иесі немесе меншік иесі ресми анықталған	0,3
				Басқарылатын – деректерді жинау және цифрлық ресурсқа енгізуді реттейтін	

1-санат цифрлық ресурс				регламент бекітілген және цифрлық ресурстың иесі немесе меншік иесі ресми анықталған, ал цифрлық ресурстың дұрыстығы мен өзектілігі үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарымен белгіленген	0,5
